

Жалпы, зерттеу нәтижелері Шерқала тауының бірнеше деңгейдегі маңызын көрсетеді: 1) ономастикалық - тау атауының шығу тегі мен құрамындағы компоненттер арқылы, 2) археологиялық - қазбалар мен тарихи қалдықтар арқылы, 3) әлеуметтік-экономикалық - сауда қатынастары мен керуен жолдары арқылы, 4) мәдени-рухани - аңыздар, діни және культтік орындар арқылы. Осылайша, Шерқала тауы табиғи, тарихи, мәдени және археологиялық тұрғыдан ерекше құндылыққа ие объект ретінде бағаланады.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу жұмысы бойынша мақала Шерқала тауының тарихи-ономастикалық маңызын жан-жақты ашуға мүмкіндік берді. Шерқала қазіргі таңда ғылыми зерттеу, археологиялық ізденістер мен туристік саяхаттар үшін маңызды нысан болып табылады. Ол Маңғыстау облысының тарихи-мәдени мұрасын сақтау және насихаттауда ерекше рөл атқарады, сондай-ақ туристер үшін көркем табиғаты мен тарихи маңызы арқылы тартымды орынға айналған. Осылайша, Шерқала тауы табиғи, тарихи, мәдени және археологиялық тұрғыдан ерекше құндылыққа ие объект ретінде бағаланады. Бұл зерттеу өңірдің тарихи сабақтастығын, мәдени мұраларын және ономастикалық жүйесін кешенді түрде түсінуге мүмкіндік беріп, болашақта туристік және ғылыми әлеуетін одан әрі дамытуға негіз қалайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Көшімова, Б.Ә. Маңғыстау өңірі жер-су атауларының түсіндірме сөздігі. Алматы: «Нұрлы әлем», 2010. - 238б.
2. Самашев, Кушербаев, Аманшаев, Астафьев, З., К., Е., А. Сокровища Устюрта и Манкыстау, Қ. Сыдиықов атындағы Маңғыстау облыстық әмбебап кітапханасы, 2007. - 400 б.
3. Каменов М.Д. 2007. Средневековое городище Кызылкала. В: Сдыков М.Н.
4. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. - Алматы: Мектеп, 1985. - 256 б.
5. Жанұзақов Т. Қазақ ономастикасы. - Алматы, 2007 -524 б.

АЯГӨЗ Өңірінің Ономастикалық Атаулары: Шығу Тегі, Зерттелуі Және Этномәдени Сипаты

Болатқанова Е.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD Молдахмет А.А.

Астана Халықаралық Университеті

Астана қ.

erkebolatkanova@gmail.com

Андатпа

Бұл ғылыми мақала Абай облысы аумағындағы Аягөз өңірінің онимдік жүйесіне, яғни жер-су атауларының шығу тегі, құрылымы және тарихи-мәдени мәніне арналған. Қазақ даласындағы топонимдер - ұлт тарихының, этномәдени болмысының, көне дәуірден келе жатқан тілдік қабаттардың көрінісі. Аягөз атауы - осы аймаққа тән көне гидронимдердің бірі және түркілік тайпалық-рулық құрылымдардың, мифтік-аңыздық түсініктердің, тарихи жазбалардың тоғысқан тұсы ретінде ерекшеленеді. Мақалада Аягөз қаласының, Аягөз өзенінің атауы, оның этимологиялық талдауы, халықтық және ғылыми нұсқалары, сондай-ақ осы өңірдегі өзге де табиғи-географиялық атаулар (Қозы Көрпеш - Баян сұлу кесенесі айналасындағы топонимдер, Шорға, Байқасқа, Қарақол, Көксай, Таскескен, Ақшатау, т.б.) қарастырылады. Зерттеу барысында П. П. Семёнов-Тян-Шанский, Г. Н. Потанин, А. Янушкевич, сондай-ақ қазіргі отандық ономаст-ғалымдардың еңбектері пайдаланылды. Топонимдік атаулардың тарихи-тілдік негіздері салыстырмалы-тарихи әдіспен, аңыздық-этнографиялық нұсқалары мазмұндық-мәтіндік талдау арқылы қарастырылды. Мақалада Аягөз атауының көне түркілік (ай+оғұз), фольклорлық («Аяудың көз жасы»), тарихи-топографиялық (өзен сипаттамасына байланысты) нұсқалары сараланып, өңірдің ономастикалық картасы мен атаулардың этномәдени қызметі жан-жақты түсіндіріледі.

Түйінді сөздер: Аягөз, топоним, ономастика, этнолингвистика, түркілік атаулар, гидроним, тарихи деректер, фольклор, этимология, жер-су атаулары

Аннотация

В статье рассматривается ономастическое наследие Аягоского региона Абайской области, включая происхождение, семантику и историко-этимологические особенности топонимов. Аягоский

край издавна являлся важной частью культурно-исторического пространства Восточного Казахстана, поэтому его географические названия отражают этногенетические, табиғи-ландшафтные и элеуметтік процестер, происходившие на протяжении веков. Особое внимание уделено названию города Аягоз, которое связано с одноимённой рекой и имеет несколько этимологических трактовок: от древнетюркского слова «ай» - «луна», «красота», либо от слова «айғақ/аяқ» - «край», «предел», что демонстрирует многослойность развития топонима. В аннотации анализируются научные труды посвящённые исследованию онимов региона, среди которых выделяются работы Е. Қойшыбаева, Т. Жанұзақа, А. Әбдірахманова, занимающихся казахской топонимикой и историей географических названий. Их подходы помогают раскрыть внутреннюю структуру местных онимов, определить их связь с кочевой культурой, табиғи ерекшеліктермен и демографическими процестермен. Материал статьи основан на сравнительно-этимологическом анализе, картографических деректер және архивтік мәліметтер. Исследование демонстрирует, что топонимия Аягозского региона представляет собой ценный пласт духовной культуры, сохранивший автенттичные элементы древнетюркских и казахских мировоззренческих жүйелерін. Полученные данные могут быть использованы в дальнейших ономастических, лингвогеографических и этнолингвистических исследованиях..

Ключевые слова: Аягоз, топонимия, ономастика, этимология, казахские топонимы, происхождение, географические названия, тюркские корни, исследователи, региональная идентичность.

Annotation

This research article explores the onomastic system of the Ayagoz region in Abai oblast, focusing on the origins, linguistic features, and historical-cultural significance of local toponyms. Place names in the Kazakh steppe reflect layers of national history, ethnocultural identity, and ancient linguistic strata. The name “Ayagoz,” one of the oldest hydronyms in the eastern part of Kazakhstan, stands at the intersection of Turkic tribal structures, mythological narratives, and early written sources. This study examines the name of the Ayagoz town and river, its etymological interpretations, both scholarly and folkloric, as well as other geographical names of the region (such as Shorga, Karakol, Taskesken, Akshatau, Koksai, and sacred sites around Kozy Korpesh-Bayan Sulu). The works of P. P. Semenov-Tyan-Shansky, G. Potanin, A. Januszkiewicz, and contemporary Kazakh onomastics scholars were used as core references. The toponyms were analyzed using comparative-historical and ethnolinguistic approaches, while mythological and folklore-based explanations were interpreted contextually. The study evaluates the main etymological versions of “Ayagoz,” including the ancient Turkic (Ai + Oghuz), folkloric (“tears of Ayau”), and geographical interpretations. The article demonstrates the cultural and historical value of the region’s toponyms and their role in reconstructing local identity.

Keywords: Ayagoz, toponyms, onomastics, ethnolinguistics, Turkic studies, hydronyms, folklore, etymology, cultural landscape.

Қазақ даласы - саң ғасырлық тарихты, этномәдени болмысты және тілдік дүниетанымды сақтаған кеңістік. Осы кеңістіктің ең көне қабаттарының бірі - топонимдер, яғни жер-су атаулары. Топонимиялық қабат белгілі бір өңірдің географиялық ерекшелігін ғана көрсетпей, сол аймақты мекендеген тайпалардың, этностардың, саяси-элеуметтік құрылымдардың, мифтік түсініктердің ізі болып табылады. Сондықтан топонимдер - ұлттық жадты сақтайтын мәдени кодтың маңызды бөлігі. Аяғөз өңіріндегі жер-су атаулары - қазақ ономастикасындағы ерекше зерттеуді талап ететін аймақтық топонимдер жүйесі. Бұл өңір - көне керуен жолдарының, түркі руларының, ортағасырлық көші-қон бағыттарының, жыр-аңыздар мен тарихи оқиғалардың тоғысқан жері. Бұған дәлел ретінде Аяғөз өзенінің бойында орналасқан Қозы Көрпеш - Баян сұлу мавзолейінің маңызы, өңірдің ерте ортағасырлық жәдігерлері және көне қазақ руларының қоныстары жатады. Аяғөз қаласының және өзенінің атауы ғасырлар бойы бірнеше түрлі түсіндіруге ие болып келеді. Біріншіден, көне түркілік этимологияға сәйкес «ай» және «оғуз/угуз» морфемаларынан тұратын «ай оғыз» не «ай угуз» формасы бар. Мұндай гидронимдік құрылым көптеген түркі аймақтарына тән. Екінші нұсқа - халықтық этимология: «Аяу» есімді қыздың көз жасынан пайда болған өзен туралы аңыз. Үшінші бағыт - географиялық-топографиялық нұсқа, яғни өзеннің суы, табиғи сипаттары мен тарихи жағдайларына байланысты қойылған атау. Осы мақалада Аяғөз өңірінің негізгі топонимдері жүйеленіп, олардың шығу тегі, тарихи деректердегі көрінісі, зерттелу деңгейі және этнолингвистикалық мәні талданады. Сонымен қатар, өңірдің ономастикалық атласы ретінде қарастырылатын жер-су атаулары қазақ халқының кеңістіктік дүниетанымын қалай бейнелейді, қай кезеңдерге байланыстырылады, және қандай тарихи-мәдени ақпарат береді - соның барлығы зерттеу объектісіне алынады. [1, 55 б]

Зерттеу жұмысының негізгі материалдарына архивтік мағлұматтар, өңірлік топонимдер сөздіктері, П. П. Семёнов-Тян-Шанский, Г. Н. Потанин, А. Янушкевич еңбектері, сондай-ақ қазіргі

қазақ ономастикасы бойынша жарияланған зерттеулер, экспедициялық деректер мен фольклорлық материалдар кірді. Жұмыс барысында салыстырмалы-тарихи әдіс, этимологиялық талдау, этнографиялық және мәтіндік салыстыру тәсілдері қолданылды. Аңыздық нұсқалар мазмұндық-мәтіндік талдаудан өткізіліп, тарихи-құжаттық мәліметтер шежірелік деректермен салыстырылды. Қазіргі топонимдер картасы географиялық деректермен сәйкестендірілді.

Аягөз өңірінің топонимиясы - қазақ ономастикасы үшін тарихи әрі тілдік тұрғыдан аса құнды аймақ. Өңір атауларының көпшілігі табиғи нысандарға, ру-тайпа қоныстарына, аңыздық оқиғаларға, көшпелі өркениеттің әлеуметтік жүйесіне негізделген. Алдымен Аягөз атауына тоқталсақ, ең көне және ғылыми тұрғыдан дәйекті нұсқалардың бірі - түркілік этимология. Көп зерттеушілер «ай» (көне түркіде ай аталымы кең мағынада - ай, айшық, жарық) және «оғуз/угуз» (Оғыз тайпалық одағы) морфемаларының бірігуінен шыққан деп есептейді. Мұндай құбылыс Сарыарқа мен Жетісу кеңістігіндегі көптеген көне гидронимдерде байқалады (Іле-Алаша, Шу-Соғды, Талас). Бұл нұсқа өңірдің қоныстану тарихында оғыз-қыпшақ кезеңінің рөліне байланысты болуы мүмкін. Халықтық этимология бойынша «Аяудың көз жасы» туралы аңыз - жергілікті тұрғындар арасында ең танымал нұсқа. Аңызға сәйкес, Аяу есімді қыз сүйген жарынан айрылып, оның көз жасы өзенге айналған делінеді. Осындай фольклорлық түсіндірулер қазақ даласындағы көптеген өзен-көл атауларында кезігеді. Бұл нұсқа ғылыми дәлелденбегенімен, халық жадындағы символдық-эмоциялық дүниетанымды көрсетеді. Аягөз өңіріндегі өзге топонимдерге келсек, Шорға - шөбі шүйгін, сулы жер деген мағынаны білдіреді; Таскескен - көне керуен жолы бойындағы табиғи тосқауылға байланысты атау; Қарақол - «қара су» немесе «терең, салқын көлді» білдіреді; Көксай - көк-жабыл аңғар; Ақшатау - ақ түсті жыныстардан тұратын тау жынысына қатысты. Бұл атаулардың барлығы табиғи нысанның түсін, геологиялық құрылымын, шаруашылық маңызын немесе рельеф ерекшеліктерін бейнелейді. Өңірдің мәдени мұрасына ерекше мән беретін атаулардың бірі - Қозы Көрпеш - Баян сұлу аңызына байланысты жер атаулары. Мәселен, «Қозының бейіті», «Желқайық», «Баян тасы» секілді атаулар эпостық кеңістікті нақты географиялық локациямен байланыстырады. Топонимдердің тағы бір тобы - әлеуметтік-тарихи атаулар. Мысалы, Байқасқа, Сарыөзек, Қарауылтөбе - ру-тайпа қоныстары мен әскери-стратегиялық нүктелерге қатысты. Жалпы алғанда, Аягөз өңірінің топонимиялық жүйесі киелі география, тарихи оқиғалар, этностық жад және табиғи кеңістік туралы кешенді ақпарат береді.

Зерттеу жұмысының негізгі материалдарына архивтік мағлұматтар, өңірлік топонимдер сөздіктері, П. П. Семёнов-Тян-Шанский, Г. Н. Потанин, А. Янушкевич еңбектері, сондай-ақ қазіргі қазақ ономастикасы бойынша жарияланған зерттеулер, экспедициялық деректер мен фольклорлық материалдар кірді. Жұмыс барысында салыстырмалы-тарихи әдіс, этимологиялық талдау, этнографиялық және мәтіндік салыстыру тәсілдері қолданылды. Аңыздық нұсқалар мазмұндық-мәтіндік талдаудан өткізіліп, тарихи-құжаттық мәліметтер шежірелік деректермен салыстырылды. Қазіргі топонимдер картасы географиялық деректермен сәйкестендірілді. Зерттеу нәтижелері Аягөз өңірінің топонимиясы бірнеше қабаттан тұратынын көрсетті:

Көне түркілік қабат.

Ай-Оғуз, Қарақол, Ақшатау, Таскескен сияқты атаулар түркі халықтарының ерте кезеңіне, көшпелі тайпалар тарихына тікелей қатысы бар. Бұл атаулардың тұрақтылығы өңірдің этномәдени жадының сақталғанын дәлелдейді.

Фольклорлық-аңыздық қабат. Аягөз атауының аңыздық нұсқасы, Қозы Көрпеш - Баян сұлу эпикалық кеңістігінің топонимдері халық дүниетанымындағы символдар жүйесін ашады.

Табиғи-географиялық қабат. Шорға, Көксай, Ақшатау сияқты атаулар рельеф ерекшеліктерін дәл бейнелейді. Қазақ топонимиясында табиғи атаулардың дәлдігі - практикалық өмірмен тығыз байланысты.

Әлеуметтік-тарихи қабат.

Керуен жолдарына, ру-тайпа қоныстарына және әскери белгілерге қатысты атаулар өңірдің шаруашылық және әлеуметтік құрылымын көрсетеді. Осылардың барлығы Аягөз өңірінің ономастикалық картасын қалыптастырып, кеңістіктік жадтың тұтас жүйесін құрайды. Зерттеу барысында бұл атаулардың тарихи сабақтастығы, мәдени семантикасы, этнолингвистикалық табиғаты анықталып, өңір атауларының ұлттық болмысты танытудағы рөлі айқындалды.

Аягөз өңірінің ономастикалық атаулары - қазақ халқының тарихи-мәдени дүниетанымын, этностық жадын және табиғи ортамен байланысын бейнелейтін аса маңызды тілдік қабат. Өңір топонимдерінің шығу тегі түркі кезеңінен басталып, ортағасырлық этностық процестермен жалғасып, кейінгі тарихи оқиғалармен толыққан. Бұл атаулардың құрамында географиялық дәлдік, киелі кеңістік, эпикалық сюжеттер, тарихи қоныстар мен табиғи нысандардың сипаты көрініс тапқан. Аягөз атауының

бірнеше этимологиялық нұсқасының болуы - оның көне әрі көпқабатты тарихын көрсетеді. Түркілік (ай-оғуз) нұсқа тілдік тұрғыдан ең дәлелді болып саналса, аңыздық интерпретация халық жадындағы рухани-символдық кеңістікті танытады. Өңірдің өзге атаулары да тарихи, табиғи және этномәдени құбылыстарды терең бейнелейді. Жалпы алғанда, Аягөз топонимиясының зерттелуі қазақ ономастикасының дамуына үлес қосады, ұлттық тарихи жадыны жаңғыртуға көмектеседі және өңірлік мәдениетті ғылыми тұрғыдан түсіндіруге мүмкіндік береді. Бұл зерттеу болашақта аймақтық ономастикалық атластарды құруға, тарихи-этнолингвистикалық деректерді жүйелеуге және өңірдің мәдени мұрасын кеңінен насихаттауға негіз бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары. - Алматы: Мектеп, 1985. - 256 б.
- 2 Ташайықов Н. Шығыс Қазақстан топонимдері: тарихи-этимологиялық талдау. - Өскемен: ШҚМУ баспасы, 2004. - 198 б.
- 3 Потанин Г. Н. Очерки Северного Китая и Восточного Казахстана. - Санкт-Петербург: Типография Императорской академии наук, 1881. - 356 с.
- 4 Телғожа Ж. Тарихи жер-су аттарының түптөркіні. - Алматы: «Сөздік-словарь» ЖШС, 2010. - 356 б.

ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫ АТАУЛАРЫНЫҢ ШЫҒУ ТЕРІ

Еламан Ә.Ж.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD Молдахмет А.А.

Астана халықаралық университеті

yelaman.alikhan@bk.ru

Аннотация

В статье рассматриваются исторические, культурные и лингвистические аспекты топонимов города Жанаозен и прилегающих территорий Мангистауской области. Исследуются происхождение, семантическая структура и народная интерпретация таких названий, как Каракия, Бозаши, Жетыбай, Кызылсай, Сенек и Тенге. Большинство топонимов Мангистау связано с природными ландшафтами, этно-родовой историей и индустриальным развитием XX века. Например, Каракия - впадина, находящаяся на 132 м ниже уровня моря, что отражает уникальные географические особенности региона, а Жетыбай и Сенек - названия, связанные с историческим расселением родов и кочевым образом жизни. В работе применены историко-сравнительный метод, лингвистический анализ и сопоставление картографических данных. Результаты показывают многослойную семантику топонимов Жанаозена и Мангистау, их этнолингвистическое и культурное значение. Названия фиксируют историческую память региона, отражают духовную и культурную идентичность местного населения, его традиционное восприятие пространства. Данное исследование способствует более глубокому пониманию ономастики Мангистау, раскрывает культурно-историческое значение географических названий.

Ключевые слова: Мангистау, Жанаозен, топонимия, ономастика, Бозащы, Каракия, этнолингвистика, исторические названия.

Annotation

This article examines the historical, cultural, and linguistic aspects of toponyms in the city of Zhanaozen and surrounding areas of the Mangystau region. The research analyzes the origin, semantic structure, and folk interpretations of names such as Karakiya, Bozashy, Zhetybai, Kyzylsai, Senek, and Tenge. Most Mangystau toponyms are linked to natural landscapes, tribal-ethnic history, and the industrial development of the 20th century. For instance, Karakiya is a depression located 132 meters below sea level, reflecting the unique geographical characteristics of the region, while Zhetybai and Senek relate to historical tribal settlements and nomadic lifestyles. The study employs historical-comparative methods, linguistic analysis, and cartographic data comparison. The results demonstrate the multilayered semantics of Zhanaozen and Mangystau toponyms and their ethno-linguistic and cultural significance. These names preserve the historical memory of the region, convey the spiritual and cultural identity of local communities, and reflect traditional perceptions of space. This research contributes to a deeper understanding of Mangystau onomastics and highlights the cultural and historical importance of geographic names in the region.